



# ПРИОЗЕРСКИЙ

## Вестник

№ 24/720

18 июня 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Ақорда жаңалықтары

Баспасөз қызметі хабарлайды

### ТОҚАЕВ ЦОЙҒА ДӘРІГЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау министрі Алексей Цойды қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстандағы қазіргі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал және тұрғындарға екпе салу барысы туралы есеп берілді.

жөк. Вакцина кестеге сәйкес жеткізіліп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықты вакциналау мәселесіне назар аударып, өңірлер бойынша аталған бағыттағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Президент екпе егу коронавирус індетін енсерудің бірден-бір жолы екенін еске



Министрдің айтуынша, жалпы еліміздегі ахуал тұрақты, өткен айлармен салыстырғанда індет жұқтырғандардың саны екі есе қысқарған. Республика бойынша өлім-жітім көрсеткіші 2 аптаның ішінде 1,6 есе төмендеген. Өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына байланысты ауруханаларда ем алып жатқан науқастардың саны азайған.

16 маусымдағы жағдай бойынша Мемлекет басшысына ұсынылған мәліметтерге сәйкес COVID-19 індетіне қарсы вакцинаның бірінші компоненті 2 миллион 587 мың адамға, екінші компоненті 1 миллион 480 мың адамға салынған. Күн сайын шамамен 80-100 мың адамға екпе егіледі. Өңірлерде вакцина тапшылығы

салып, халықты Қазақстанда қолжетімді вакциналарды белсенді түрде салғызуға шақырды.

Мемлекет басшысы дәрігерлерді қорғау мәселесіне арнайы тоқталды. Оның пікірінше, медицина қызметкерлерінің құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Осы орайда дәрігерлердің мәртебесін айқындаудың және оларды ынталандырудың кешенді жүйесін енгізу қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алексей Цойға медицина қызметкерлерінің мәртебесін қолдау жөніндегі заңнамалық бастамаларды пысықтауды тапсырды.

Дерек-көз: www.egemen.kz

Коронавирус

### ОТКРЫТИЕ ЗАВОДА ПО ПРОИЗВОДСТВУ КАЗАХСТАНСКОЙ ВАКЦИНЫ ЗАПЛАНИРОВАНО НА ОСЕНЬ

На пресс-конференции в Службе центральных коммуникаций министр здравоохранения Алексей Цой озвучил возможные даты запуска завода по производству отечественной вакцины против COVID-19, передает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz.



«Мы ожидаем, что в ближайшее время, буквально август-сентябрь, пуско-наладочные работы будут завершены, сейчас идет валидация оборудования. И по информации акимата Жамбылской области,

сейчас проходят все регламентные процедуры. Мы думаем, что к осени завод должен запуститься и поэтапно будет расширять свои мощности», - сказал Алексей Цой.

По словам министра, на данный момент три страны изъявили желание в двустороннем формате признать паспорта вакцинации с Казахстаном. Это Монголия, Венгрия и Таиланд. Сейчас этот вопрос прорабатывается. Кроме того, паспорта вакцинации всех стран признают Турция и Кипр.

«МИД непосредственно прорабатывает со всеми странами-партнерами вопросы по взаимному признанию данных вакцин. И именно паспортов вакцинации. Но не надо к этому привязываться, потому что в любую страну можно заехать, в принципе имея на руках ПЦР-тест. Поэтому, если у вас есть отрицательный ПЦР-тест, вы можете въехать в страны спокойно. Поэтому здесь не должно быть проблем», - заверил министр.

Источник: www.kapital.kz

### ЖАҢА ӘКІМ ІС БАСЫНДА

Тағайындалғанына көп бола қоймаған қала әкімі Сапар Сатаев қаланың жай-күйімен танысуға бел шеше кірісіп кетті. Алғашқы күннен-ақ құрылыс нысандарын аралап, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарының барысын бақылады. Қала әкімінің өкімімен қаланы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына аса мән беру керектігін атап өтіліп, арнайы штаб құрылды.

пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, жер қатынастары, сәулет және қала



Осы орайда, 14 маусым күні көгалдандыру және абаттандыру бойынша штабтың отырысы өтті. Қаланың жауапты мекемелерінің басшылары қатысқан отырыста, қала тазалығы мен келбетіне қатысты мәсе-



лелер қарастырылды. Сапар Қайыркенұлы: «Сенбіліктер аясында егілген мыңдаған көшеттер суық қалмауы керек. Және де саябақ-скверлерді де ретке келтіру маңызды. Осыған байланысты жауапты мекеме тиесілі орындардың тазалығын ретке келтіріп, көгалдандыруды қолға алуы шарт. Кәсіпкерлер мен шаруалар да қаланы көркейтуге атсалысуы тиіс. Бұл бастамадан «Nur Otan» партиясы да, депутаттар да шет қалмауы керек. Енді негізгі жұмыстардың барлығы шаһардың көркеюіне бағытталатын болады. Себебі, қаланы абаттандыру мен көгалдандыру мәселесі сын көтермейді. Мұның барлығы ретке келтіріліп, жылдам шешілуі тиіс. Аталаған шаралардың барлығы қаламыздың 65 жылдық мерейтойы қарсаңында жоғарғы деңгейде атқарылуы қажет» - деді. Жауапты

құрылысы бөлімі, экономика және қаржы бөлімінің қызметкерлерімен және жұмыс барысымен танысып, мекеме басшыларына қадау-қадау тапсырма беріп, өздеріне жүктелген міндеттерді уақтылы әрі жұмыстарын сапалы атқаруды міндеттеді.

Халықпен кері байланыс орнату бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында, 16 маусым күні әлеуметтік желілерде жаңа тағайындалған өңір басшысының қатысуымен «Әкім сағаты» тікелей эфирі және «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалында азаматтарды жеке қабылдауы өтті. Қала басшысы қала халқын толғандырған сұрақтарға жауап беріп, азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарын назарға алды. Тұрғындар тарапынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру үшін әлеуметтік павильон салу мәселесі көтерілді, сондай-ақ жол бойындағы бизнесті дамыту мәселелері талқыланды. Аймақ басшысы кәсіпкерлік және



ауыл шаруашылығы бөліміне барлық ұсынылған жобаларды бақылауға алуды, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөліміне жер учаскесін бөлу және инфрақұрылым жүргізу жоспарында көмек көрсетуді тапсырды. Тиісті мекемелерге қала тұрғындарынан әлеуметтік желілерге түскен сұрақтарға уақтылы және сапалы жауап беруді және оларды ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

-Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады. Келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың сапалы қарастыруды ұйымдастыруы қажет - деді қала басшысы.



мекеме басшыларына санитарлық тазалау, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Алдағы уақытта талдарактарды күтіп-баптау мен суаруға көңіл бөлу міндеттелді. Сондай-ақ қала айналасын жасыл желекке айналдыру бойынша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді жүктеді.

Аймақ басшысы 15 маусым күні жұмыс-

Приозерск қ. әкімдігінің баспасөз қызметі



## ЖҮРТТЫҢ БАЛАСЫ...

Бәріміз де бала болдық..., ойнадық, шапқыладық, қуандық, күлдік, күлдірдік, арасында бірденің бүлдірдік... Сондай сәтте: «Жұрттың баласына немесе пәленшенің баласына қарашы...» деген ескерту сөзді ата-анамыздан, ата-әжеміден де талай естідік... Сонда олар «жұрттың баласына қарашы...» дегенді бізге үлгі етіп, жұрттың баласының тек жақсы жағын ғана айтатын. Ол баланың жаман жағы барын біз



біле тұра, сын айтқан үлкендерге қарсы дау айта алмайтын едік, бәлкім айтқымыз келмейтін немесе үлкеннің сөзін дұрыс қабылдадық, өзіміздің жағымсыз қылықтарымыздан нәтиже шығарып, жұрттың баласының жақсы жақтарын өзімізге қабылдауға тырыстық. Сосын айналадағы бәсекелес балалардың тек жақсы жағына үңіліп, одан әлдеқайда жақсы болуға ұмтылатынбыз. Кейде әжең мақтаған баланың әжесі сені мақтап, оған үлгі еткенін де естіп қаламыз. Дегенмен, оған мақтанып, масаттанбай, бұдан да көбірек жақсара түсуге бейімделеміз. Бұндай ескертулер (пәленшенің баласына қарашы) қашан ержеткенше сонымыздан қалмады. Біз де жұрттың баласынан асып түсу үшін күресті тоқтатпадық...

Қазір өзіміз ата болғанда осындай ескертулерді кейбір (мүмкін көптеген) ата-аналардан есіте бермейміз. Керісінше, жұрттың баласынан материалдық жағынан (киім-кешек, ойыншық, велосипед, қымбат

телефон, машина) қалып қоймаса екен дегендей пиғылды, бәсекені байқап жүреміз. Бұл заманына қарай пайда болған үрдіс (теріс тәрбие) деп пайымдаймын өз басым. Сондықтан, бүгінгі кейбір ата-ананың осы кемшін тұсын ата-әжелер толтыруы тиіс деп ойлаймын. Себебі кішкентай баланы құйттайынан дүниеқоңыздыққа, бәсекелестікке, бақастыққа, көрсекызарлыққа т.б. құмартуға үйрету – теріс тәрбие берудің алғышарты деп білемін. Немерең де өз ұрпағың! Оны осы бастан қандай тәрбиелеген, күні ертең одан соны ғана аласың, соны күте бер. «Не ексең, соны орасың» - деген қазақ мақалы жайдан-жай айтыла салмаған. Бала да ағаш секілді, дұрыс күтім жасалмаған ағаш қисық өсетіні сияқты, дұрыс тәрбие алмаған баладан да онды адам шықпайтыны анық. Бұл ой әншейін келе салған жоқ. Жұртпен араласа жүріп аңғарғаным, көргенім, байқағаным... Көп қабатты үйдің ауласында әр күні ондаған балалар ойнайды. Олардың іс-әрекетін, сөзі мен ата-аналарының айтатындарын еріксіз байқап қалуға тура келеді. Міне, осыларды байқап-бағамдай жүріп пайда болған ойымды бөліскенім ғой. Кім қалай қабылдайды, ол патша көңілдеріңіздің құзырында.

Тағы бір айтарым – пәтерлерден шығарылатын қоқыстарды тастауға балаларын жұмсайтын ата-аналарға құлаққағыс, кейбір балалар сол қоқыстар салынған пакеттерді көрші пәтерлердің кіреберісіне, терезенің алдына, үйдің бұрышына тастап кете салатыны әлі күнге тиялмай келеді. Қазақтың «Баланы жұмса да, ізінен өзің бар» - деген мәтеліндегідей, баланы жұмсағанда қатал түрде тапсырма беріп, қоқысты жәшікке апарып тастауын мықтап тапсырудан бөлек, олар тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай орындайтын болғанша ізінен бақылау жасап тұру керек. Қорыта айтарым, мәселенің түп төркінін көзі қарақты оқырман сезіп отырғанына шүбәм жоқ. Бала тәрбиесі баршаға ортақ екендігін естен шығарайық!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

### Цифровой Казахстан

## КАРАГАНДА - В ТРОЙКЕ ЛИДЕРОВ ПО РАЗВИТИЮ SMART-ТЕХНОЛОГИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Караганда замыкает тройку лидеров по уровню развития технологий smart city в республике. Угольную столицу опережают лишь Нур-Султан и Алматы. Об этом во время онлайн-встречи с журналистами сообщил руководитель управления информатизации, оказания государственных услуг и архивов Карагандинской области Рустам Байжанов, передает корреспондент Kazpravda.kz.

"Наш город находится на третьем месте, и я считаю, это достаточно хороший показатель. Потому что нельзя сравнивать бюджеты северной и южной столиц с бюджетом Караганды. У нас он гораздо меньше. Отмечу, что понятие smart city складывается из многих составляющих – от сферы образования до ЖКХ, от управления городом до безопасности", - прокомментировал Байжанов.

Сфера образования Караганды, по его мнению, оцифрована почти на 100%. Есть все необходимые ресурсы – от системы онлайн-зачисления малышей в детские сады и школьной "Bilimai" до программ, которые применяются в колледжах и вузах.

Сфера здравоохранения тоже хорошо цифровизована. Медицинские информационные системы связаны воедино, с ними интегрировано мобильное приложение DamuMed. Через него пользователь может увидеть свой паспорт здоровья, записаться на прием к врачу или встать на очередь для вакцинации.

А вот в сфере жилищно-коммунального хозяйства "умные" технологии проникли слабо.

"Здесь, в первую очередь, идет речь о дистанционной передаче показаний с приборов учета тепла, воды, электро-

энергии и газа. В этом направлении работу завершила только компания "Караганды Жарык". 100% ее счетчиков электроэнергии передают данные дистанционно, то есть, без участия контролера. Другие услугодатели пока в этом отношении отстают. Работа по цифровизации ведется медленно, поскольку установка счетчиков с дистанционной передачей данных упирается в увеличение тарифов", - пояснил руководитель управления информатизации.

В сфере общественной безопасности дела обстоят неплохо. В Караганде установлено более 3 000 камер наружного видеонаблюдения – на дорогах, перекрестках, на улицах, в парках и скверах.

А вот цифровизация сферы транспорта буксует. В Караганде никак не внедряют систему электронной оплаты проезда в общественном транспорте.

"Уже сменилось два партнера, которые собирались внедрять систему электронного билечивания. Недавно автопарки Караганды заключили договор с третьим – компанией "Онай". На мой взгляд, это наиболее оптимальный вариант, поскольку система давно обкатана в Алматы. Срок завершения работ по внедрению системы электронной оплаты проезда в Караганде – октябрь 2021 года", - сообщил Рустам Байжанов.

Чиновник добавил, что существует два главных "тормоза" процесса внедрения "умных" технологий. Первый – это недостаточное финансирование. Второй – сложные взаимоотношения с частными организациями, которые занимаются цифровизацией тех или иных сфер жизни.

Источник: <https://kazpravda.kz>, автор Елена Ульянкина

## «КӨКТЕМ – 2012» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА

2021 жылдың 12 маусымында Қарағанды облысының Приозерск қаласында орналасқан 44841 әскери бөлімінде "Көктем-2021" жас сарбаздардың әскери ант қабылдауына арналған салтанатты іс-шара өткізілді.

Бұл күні Қазақстанның Орал және Ақмола облыстарынан келген әскерге шақырылушылар Отанға адал болуға ант берді. Жас сарбаздардың алдында сөз алған 44841 әскери бөлімінің командирі подпол-

сенеді және күтеді! - деді бөлім командирі.

«Бүгін біз және біздің әріптестеріміз әскери ант қабылдап, Қарулы Күштер қатарында адал қызмет етуге ант бердік» - деп атап өтті өз алдына сөз алған қатардағы жауынгерлер Александр Сергеев және Ерсултан Нурболатов.

Салтанатты шара онлайн режимінде өтті. Ата-аналармен байланыс ZOOM бағдарламасы арқылы санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтай отырып,



ковник У.Бектаев жас жауынгерлерді әскери ант қабылдауымен құттықтап, сәттілік тіледі. «Бүгін сіздер бүкіл елге уәде бердіңіздер, бұл - маңызды әрекет, сөзсіз нағыз ер адамға лайық! Сіздерге абыроймен қызмет етуді тілеймін, біздің Қарулы Күштеріміздің қатарындағы күндер мен түндер тек жақсы естеліктермен есте қалсын! Ең бастысы, ерқашан естеріңізде болсын: сіздердің туыстарыңыз бен достарыңыз сіздерге

жүргізді. Әскери ант - бұл әр сарбаз үшін салтанатты оқиға. Осы айтулы күні жас жауынгерлер Отанға адал, Отанның нағыз қорғаушысы болуға, бейбітшілік пен тәртіпті сақтауға ант берді.

А.Оспанова,  
Әскери қызметшілердің (отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі) қызметтің мүшесі,  
3-ші сынып сержанты

### Жол-көлік оқиғаларының алдын алу акциясы

## АВТОМОБИЛЬ – ЖОҒАРЫ ҚАУІП КӨЗІ

2021 жылдың 20-мамыры мен 10-маусымы аралығында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында қызмет етіп жүрген әскери қызметшілердің өмірін сақтау, жол-көлік оқиғаларына жол бермеу және әскери автокөліктердің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштердің жеке құрамы арасында «Автомобиль – жоғары қауіп көзі» атты жол-көлік оқиғаларының алдын алу акциясын ұйымдастыру белгіленген болатын.



Аталған акция аясында Қарағанды өңірлік гарни-зоны Әскери полиция басқармасы Прио-зерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі Әскери полиция бөлімшесінің әскери автомобиль полиция қызметкерлері Прио-зерск гарнизонының аумағында орналасқан әскери бөлімдер мен мекемелерде қызмет етіп жүрген әскери қызметшілермен қосымша сабақтар мен нұсқаулықтар ұйымдастырылып өткізілді.

Аталған іс-шараларды өткізу барысында жеке құрамға жол-көлік оқиғалары салдарының ауыр зардабы, жол жүру кезіндегі әскери қызметшілердің көлікті басқару кезінде орын алған жол-көлік оқиғалары

туралы баяндалып, жеткізілді. Осы ретте әскери қызметшілердің жеке көліктерімен кезекті демалыс кезінде басқа қалалар мен елді мекендерге кетуіне және ұзақ қашықтықтағы жолдарда көлік тізгінін жоғары жылдамдықпен жүріп басқаратындығын да атап өткен жөн.

Қосымша сабақтар мен нұсқаулықтарды өткізу барысында спирттік ішімдікті ішіп алған күйдегі көлік құралын басқаруға, сондай-ақ, жол жүрісі қағидаларының бұзылуына жол берілмеуіне, әсіресе көлікпен жолға шыққанда жылдамдығын жоғарлатпауға, алдыңғы қатардағы көлікті басып озу және қарсы келе жатқан көлікті белгіленген тәртіп бойынша өткізіп жіберу ережелеріне баса назар аударылды. Әскери бөлімдердегі көлік тізгіндеген әскери қызметшілермен жеке сұхбат өткізу мен нұсқау беру арнайы көлік тұрақтарындағы әскери көліктерді тексеру барысында жүргізілді. Сұхбат

өткізу барысында әскери қызметшілерге жол жүрісі қағидаларын сақтау туралы «Жадынама» табыс етілді. Сонымен қатар әскери бөлімдер мен мекемелердің басылық құрамына жол жүрісі қағидаларын сақтау «Міндеттемелерге» қол қойып, кезекті демалысқа шығатын және іс-сапарға баратын әскери қызметшілермен нұсқаулық жүргізу бөлігіне қатысты белгіленген талаптарды орындау тәртібі де жеткізілді.

М.Артықбаев,  
Караганды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі (әскери автомобиль полиция)-офицері



